

# ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

## Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл



Биыл ұлт ұстазы, даланың жарық жұлдызы, қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр.

Ұлт ұстазының мерейтойы биылғы жылы облыс көлемінде кеңінен тойланып, мағыналы іс-шаралар молынан ұйымдастырылуда.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Рухани жаңғыру» кеңсесі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы шеңберінде ағартушының 1900-1902 жылдары ұстаздық еткен бұрынғы Меңдіқара болысындағы Орынбай мектебінің орнын анықтау және даңқты тұлғаның өмірі мен қызметін насихат-



Экспедиция мүшелері Меңдіқара ауданына атбасын тіреді

тау мақсатында «Ұстаз жолы: Орынбаев мектебі, Қостанай педагогикалық сыныбы» ғылыми-танымдық экспедициясы ұйымдастырылды.

Меңдіқара ауданына іссапармен «Ұстаз жолы» экспедициясы ат басын бұрады.

Экспедиция мүшелері Ахметқазы Шотаев атындағы мектеп-гимназиясында аудан жұртшылығымен кездесті. Кездесу барысында Ахмет Байтұрсынұлының еңбек жолы, өмірі және жеткен жетістіктері жайлы баяндалып, ғұмырнамалық деректерін

слайд-сурет арқылы тыңдаушылардың назарына ұсынылды.

Экспедиция мүшелері өз танымдарын, Ахмет Байтұрсынұлы жайлы білген деректерін ортаға салды. Іс-шараға жиналған жұртшылық экспедиция мүшелерінің әңгімесін үлкен ықыласпен тыңдап, өздерінің ризалықтарын білдіріп жатты.

Тіл жанашыры, Боровской санаторлық мектеп-интернатының ұстазы Алтыншаш Есетова халық алдында сөз алып, экспедиция мүшелеріне алғыс айтып, жүрегінен шыққан «Батыс Сібір – нағыз тозақ» атты жыр-шумақтарын оқып, халықтың ықыласына бөленді.

Кейіннен экспедиция мүшелері Қаратал ауылына жол тартты. Ондағы мақсат Ұялысай жеріне бағыт алу болатын. Діттеген орынға жеткенше экспедиция мүшелері жол торабының қиындығын көрген екен.

Ұялысай – 60-шы жылдары жоғалған ауылдың бірі, өкініштісі ауылдың болғанын білдіретін бейіттер ғана екен. Экспедиция мүшелері бейіттерге тоқтап, марқұм болған жандардың рухына құран бағыштап қайтқан көрінеді.